

Тест спецификациясы

1. Тест тақырыбы: «Алғашқы әскери дайындық» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш блоктан тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма,

Б3 бөлігі – екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.

Екінші деңгей (В) – 42 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Күрделілік деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
1	Қарулы Күштер – Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары.	1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы. Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері. Қарулы Күштердің мемлекеттегі орны.	А	1/5	4
		2	Қазақстан Республикасының нышандары. Қарулы Күштердің нышандары. Қазақстанның қазіргі армиясы. Ішкі қызмет және тәртіптік жарғысы. Гарнизондық және карауылдық қызметтерінің жарғысы.	В	1/5	6
2	Тактикалық дайындық. Әскери топография.	1	Ұрыстық әрекет негіздері және мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастырылуы. Сарбаздың ұрыстағы іс-әрекеті. Мотоатқыш взвод ұрыста. Мотоатқыш бөлімшесі ұрыста.	В	б/б	2
		2	Жергілікті жерде бағдарлану. Азимут бойынша қозғалыс. Топография картамен жұмыс жасау.	В	1/5	6
3	Атысқа дайындық.	1	Калашников автоматтың материалдық бөлігі (АК-74).	А	1/5	4

		2	Калашников автоматтың тактикалық және техникалық сипаттамасы (АК-74).	В	1/5	4
		3	Қол гранаталары.	В	6/6	2
4	Саптық дайындық.	1	Сап және оның басқару. Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс.	А	1/5	6
		2	Қарумен тәсілдер орындау.	В	1/5	6
5	Азаматтық қорғаныс.	1	Азаматтық қорғаныстың құрылымы.	В	1/5	4
		2	Жаңа зақымданғыш құралдар.	В	6/6	2
		3	Ядролық жарылыстың зақымдау әрекетінің сипаттамасы.	В	1/5	6
		4	Химиялық қару.	С	6/6	2
		5	Топтың қорғану құралдары. Жеке қорғану құралдары.	С	1/5	4
		6	Радиациялық және химиялық барлау аспаптары.	С	6/6	2
6	Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			А, А, В, В, С	1/5	10
Тестінің бір нұсқасында тапсырмалар саны						70

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Қарулы Күштер – Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде: Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы; Қазақстан Республикасының конституциялық негіздері; Қарулы Күштердің мемлекеттегі орны; Қазақстан Республикасының нышандары; Қарулы Күштердің нышандары; Қазақстанның қазіргі армиясы;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары: Ішкі қызмет жарғысы; Тәртіптік жарғысы; Гарнизондық және карауылдық қызметтерінің жарғысы;

Тактикалық дайындық: Ұрыстық әрекет негіздері және мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастырылуы; Сарбаздың ұрыстағы іс-әрекеті; Мотоатқыш взвод ұрыста; Мотоатқыш бөлімшесі ұрыста;

Атысқа дайындық: Калашников автоматтың материалдық бөлігі (АК-74); Калашников автоматтың тактикалық және техникалық сипаттамасы (АК-74); Қол гранаталары;

Саптық дайындық: Сап және оның басқару; Саптық және жорықтық адыммен қозғалыс; Қарумен тәсілдер орындау;

Әскери топография: Жергілікті жерде бағдарлану; Азимут бойынша қозғалыс; Топография картамен жұмыс жасау;

Азаматтық қорғаныс: Азаматтық қорғаныстың құрылымы; Жаңа зақымданғыш құралдар; Ядролық жарылыстың зақымдау әрекетінің сипаттамасы; Химиялық қару; Топтың қорғану құралдары; Жеке қорғану құралдары; Радиациялық және химиялық барлау аспаптары.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт - 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде – 70 тапсырма.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. АӘД 11 сынып Алматы «Мектеп» 2007 ж.

3. АӘД 11 сынып Алматы «Мектеп» 2010 ж.

4. АӘД 11 сынып Алматы «Мектеп» 2015 ж.

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы

6. АӘТД 10 сынып 1-2 бөлім Алматы «Мектеп» 2019 ж.